

Ойыл

КӨП ҚУАНЫШҚА КУӘ ҚЫЛҒАН МЕРЕКЕ!

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 1 ЖЕЛТОҚСАН - ҚР-НЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ЕЛБАСЫ ЕЛ ЕРТЕҢІ» АТТЫ МӘДЕНИ КӨПШІЛІК ШАРА ӨТТІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК, САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ ТАБЫСТАРЫ ЕЛБАСЫМЫЗ НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕСІМІМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ӘР ҚАЗАҚТЫҢ САНАСЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ЕЛБАСЫ ЕГІЗ ҰҒЫМ. ОЛ ЕЛБАСЫНЫҢ ЕЛІНЕ СІҢІРГЕН ӨЛШЕУСІЗ ЕРЕН ЕҢБЕГІ. СОНДЫҚТАН ДА, АЛДЫМЕН КӨРЕРМЕНДЕР НАЗАРЫНА «ЕЛ ҮШІН ТУҒАН-ЕЛБАСЫ» БЕЙНЕБАЯНЫ ҰСЫНЫЛДЫ.



Біз Тәуелсіздігімізді алған жылдардан бері еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз. Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз өлемдегі беделді өрі орнықты мемлекетке айналды. Одан соң аудан әкімі Асқар Қазыбаев жұртшылықты маңызды мемлекеттік мерекемен құттықтап, бір топ үздіктерге марапаттар тапсырды. «Аққұбай» шаруа қожалығының төрағасы Қазы Тайбуринге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісін табыстаса, бірнеше еңбек ардагерінің омырауына Ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері өнеркәсіп одағының «Елеулі еңбегі үшін» медалін тақты.

Сонымен қатар, ауданымыздың құрылғанына 100 жыл толуына орай ауданның көркеюіне үлес қосқан бірқатар еңбек ардагерлері «Ойыл ауданына 100 жыл» мерекелік медалмен наградталды. Ал, Берік-А» шаруа қожалығының төрағасы Амангелді Исмагуловқа Қазақстан фермерлері қауымдастығы төрағасының Құрмет грамотасын табыстады. Сондай-ақ, 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні



мерекесіне орай, Асқар Қайырғалиұлы өз атынан да әр саланың үздіктеріне Алғыс хатын ұсынды.

Осындай мерейлі мереке күні аудан басшысы 16 отбасын зор қуанышқа кенелтті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Ойыл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №114 қаулысымен құрылған аудандық тұрғын үй комиссиясы отырысының 2021 жылғы 19 қарашадағы

№1 хаттамасы негізінде «Көп балалы отбасы», «Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары» санатының «Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасы», «1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер», «Толық емес отбасы» топтары бойынша Ойыл ауданындағы жалға берілетін жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйдің кілтін табыстады.

АРДАГЕРЛЕР ӘЛІ САПТА!



ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ ОРАЙ 50 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІ АРАСЫНДА АУДАНДЫҚ СПАРТАКИАДА ӨТТІ.

Шахматтан өткен жарыста сарал-жындық Өтесін Қабекешов ағамызға

тең келер шахматшы табылмаса, әйелдер арасында Мейрамгүл Ержігітова жеңімпаз атанды. Өтесін ағамыз тоғызқұмалақ жарысында да бас жүлдені жеңіп алса, әйелдер арасында Айнагүл Жаймағамбетова ойлылардың ойынынан озып шықты. Ал, дойбы жарысында Құнанбай Дәулетқалиев пен Рысты Құлмамедова бас жүлдеге ие болса, Рысты апай стол теннисінен де бас жүлдені бермеді.

Ерлер арасындағы стол теннисінен Серік Нұғыманов жеңімпаз атанды.

Ал, волейбол жарысында Ойыл селосының командасы бас жүлдені иеленді. Жеңімпаздар арнаулы сыйлықтармен марапатталды. Жарыстың бес түрі бойынша өткен жарыста бақ сынаған спортшы ардагерлердің жеңімпаздарынан облыстық турнирде ауданның намысын қорғайтын команда жасақталды.

«ҰСТАЗ БАРЫСЫ»

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ МЕН КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ЖАЛПЫ ҰСТАЗДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН АУДАНДЫҚ «ҰСТАЗ БАРЫСЫ» ТУРНИРИ ӨТТІ. ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ПАЛУАНДАР БӨСЕКЕСІ АЛҒАШ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ӨДЕТТЕГІДЕЙ КӨСІБІ БОЗ КЛЕМ ШЕБЕРЛЕРІ ЕМЕС, МЕКТЕПТЕ БАЛАЛАРҒА САБАҚ БЕРІП ЖҮРІП, СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН ЖАНДАР.

Ойыл, Қараой, Ақшатау, Сарбие, Қаракер, Көптоғай, Ш.Берсиев, Амангелді, Ақкемер, Құмжарған, Қайыңды ауылдарының ұстаздары қатысты. Кілемде барлығы 28 палуан бақ сынасты. Сондай-ақ сайысты тамашалауға жиылған халықтың қарасы да аз болған жоқ. Қазақстан Республикасының 30 жыл мерейтойы, Қ.Мұнайпасұлының 150 жылдығына



орай арналған турнир үш түрлі салмақ дәрежесінде өтті. Сайыстың нәтижесінде 55-66 килограмм жеңіл салмақ дәрежесі бойынша А.Ардақұлы III орын, А.Құлмурзин II орын, М.Жаңабаев I орын еншілесе, 67-82 килограмм орта салмақ дәрежесі бойынша А.Бисенғалиев III орын, Т.Шегетаев II орын, Н.Байдүллин I орын жеңіп алды. Ал, 83, +100 үлкен салмақ дәрежесі

бойынша Ә.Сарин III орын, А.Сапаров II орын, Р.Сағынғалиев I орынды қанжығасына байлады.

Жеңімпаздарға арнайы жасалған медалдар мен кубоктар, дипломдар және облыстық кезеңге қатысуға жолдамалар табысталды. Бас жүлде иегерлеріне шипажайға жолдама табыс етілді.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

2021 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ. ОСЫ АТАЛҒАН КОДЕКС ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕННЕН БЕРІ МІНДЕТІ ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН НЕМЕСЕ ДАУ АЙТЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН, ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ТИІМДІ ТҮРДЕ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БАҒЫТЫНА ӨЗ СЕПТІГІН ТИІЗУДЕ.

НАҚТЫ АЙТҚАНДА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ТАЛАПТАР БОЙЫНША ӘКІМШІЛІК ОРГАН МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ЗАҢ ШЕБЕРІНДЕГІ ӨРЕКЕТІ ХАЛЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ДЕГЕН СЕНІМІН АРТТЫРУҒА АЛЫП КЕЛІП, ХАЛЫҚ ӨТІНІШІ ТИІСТІ ДЕНГЕЙДЕ ШЕШІЛУГЕ МҮМКІНДІК БЕРІП ОТЫР.

Сонымен қатар, әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың ерқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жеке тұлғалармен заңды тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғау бағыты нақты айтылған. Яғни, өркім құзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігі

көрсетілген. Осы аталған заңнама талаптары бойынша әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгіну құқығынан бас тартуға мәжбүрлеу заңсыз болып табылады және жауаптылыққа алып келеді.

Кез-келген тұлғаның өзінің талабы яғни жолданымы бойынша шығарылған әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке, әрекетсіздікке шағым табылуы яғни жолданымы бойынша шығарылған әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке жасау (әрекетсіздік тану) туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Сонымен қатар, шағым жасау үшін өткізіп алынған мерзім шағымды қарайтын органның шағымды қабылдаудан бас тартуы үшін негіз

болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды қарау кезінде анықталды және шағымды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіздердің бірі болып табылуы мүмкін.

Шағымды қарайтын орган әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жол берілген бұзушылықтарды көрсете отырып және, егер тиісті актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау шағымды қарайтын органның құзыретіне жатпаса, оларды жою жөніндегі ұсыныстармен шағымды әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға жібереді.

Осы жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік дауларды бейбіт жолмен шешу бағытына өз септігін тиізуде. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануы жеке тұлғалармен заңды тұлғалардың барлық мәселелерімен өтініштерін тиімді аз уақытта қарастыратын заңнама және мемлекеттік билік халықтың сенімділігін одан әрі арттыра түсері сәссіз.

Ж. МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

МЕРЕКЕЛІК СЫЙ – ШАҒЫН ФУТБОЛ АЛАҢЫ



Өткен аптада 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне орай Шығанақ Берсиев атындағы селолық округке қарасты Құмжарған ауылында жасанды жамылғылы шағын футбол алаңы ашылды.

Елбасы, Ұлт көшбасшысы «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде еліміздегі 7,5 млн. тұрғынның өл-ауқатын жақсарту мақсатында болашағы зор ауылдарды іріктеп, сол ауылдарда әлеуметтік саланы дамыту, тұрғын

үйлер мен жолдар салып, коммуникациялар жүргізуді қарастырып, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруды тапсырған еді.

Біздің ауданда Елбасы тапсырмасының жемісі көп күттірген жоқ. Солардың бірі бұқаралық спортты дамытуға жол ашатын осындай шағын спорт алаңдары ауданның барлық ауылдарында дерлік салынып жатыр. Оның біразы биылғы жылдың өзінде пайдалануға берілді.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарлама-

сының аясында Құмжарған ауылында құны 4,5 млн. теңгенің жасанды төсенішті алаң салтанатты ашылды. Ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауыл тұрғындарын мерейлі мерекемен құттықтап, салауатты өмір салтын серік ететін жастардың көбеюіне тілектестік білдірді. Ауыл ақсақалы жастарға ақ тілегін арнап, бата берді. Салтанатты шара соңы шағын футболдан ауыл жастарының жолдастық турниріне ұласты.

Нұрсұлтан Назарбаев

Көп ұзамай ең қасиетті құндылығымыз – ел тәуелсіздігінің торқалы тойын атап өтеміз. Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған тәуелсіз Қазақ-стан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу.

Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сак, ғұн бабаларымыз, беріде қаһар-ман түрік аталарымыз аласапыран замандар-дағы алақуың дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрып. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан аяқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының ата қонысын, қара шаңырағын сақтап қалды.

Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, өсем өмі мен қоңыр қуын, мәйекті мәдениеті мен бай өде-биетін қоса сақтап, ұрпағына аманаттай білді. Тамырын да, тарихын да, күш-қуатын да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері тау-лық пен көлімсіде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу – әр қазақстандықтың маңдайына жазыл-ған шексіз бақыт.

Адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында елімізді басқару маған үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілік жүктеді. Мен өзім басшылық еткен отыз жылға жуық уақыт бойына туған халқымын сенімн ақтау үшін бар күш-жігерімді аянбай жұмса-дым.

Ерлік пен елдікті ту еткен, жасампаздықты жалау еткен халқымыздың дербес мемлекет құрғанының отыз жылдық торқалы тойы қарсаңында тәуелсіздіктің тағылым алу үшін бүгін туған халқыммен ой бөлісуді жөн көрдім.

Тәуелсіздіктің мен-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, **ол – ата-баба-ларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күрес-тің заңды жалғасы, халықаралық құжат-тармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы.**

Тәуелсіздікке барар қиын жолдардағы сансыз көп шайқастар мен көтерілістерде қаншама қаһарман бабаларымыз шейіт бол-ды. Оларды еске алу, құрметтеу – біздің пары-зымыз. Сондықтан біз жаңа заманда қантөгіске жол бермей, қасиетті киеміз – тәуелсіздікке сабыр мен төзімділік, ақыл мен парасат арқы-лы қол жеткіздік.

Мен мұндайдаған адамды қанға бөктіріп, қисапсыз мол қиындықтардан тұратын XX ғасырдың ортасында дүниеге келдім. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақтар қатыспаса да, патшаның 1916 жылғы маусым жарлығымен тыл жұмысы үшін ескерге шақырылды. Отар-шыл өкіметтің өктемдігі мен зұлымдығы халық-ты ашыңдырып, төзімін тауысты. Сол кездегі Жетісу өлкесінің Қарқара, Қастек, Самсы өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістерге менің ата-бабаларым да қатысты.

Бұдан кейінгі қазақ даласын қанға бөктірген Азамат соғысы да халқымызға қисапсыз мол қасірет өкелді. Ашаршылықтың екі бірдей толқыны – 1921–22 жыл мен 1930–32 жылдар-дағы сұрқия саясат салдарынан орнаған зұлм-ат көзінде қазақтың тең жартысы қырылды. Ел есін енді жинай бастаған отызыншы жыл-дар соңында сталиндік қанды репрессия ұлты-мыздың сүт бөтіне шығар қаймақтарын жал-мап кетті, сонымен бірге қатардағы қарапайым азаматтар да қанды қаспаптан аман қалмады.

Өрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзіммен көрмесеім де, әкем мен ананың өзегін мүң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап, күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп естім.**Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген төзімді халық?! Көнбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бүлдір болған күннің өзінде сағын сындырмай, көлешектен үміт-тін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқақ қар-сы тұрып, үздіксіз алға жылжыған.**

Адамзат тарихына ең қанды қырғын ретінде енген екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, бала болсам да, әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Сәби кезімді еске алғанда өр үйден майданға атталан ағаларым, өр-азаматының орнын жоқтатпай, «Бәрі де жеңіс үшін» деп, бел шешпей еңбек еткен аналарым мен жеңге-лерім, қарашай күткінен өгізге желігген соқа-мен жер жыртып, масақ теріп, еңбекпен көзін ашқан қатарластарым еске түседі. Менің ең-бек тақырыбына жиі оралатынымның бір сыры да балалығын соғыс ұрпаған сол ауыр күндер-ден қалған естелікке болса керек.

Адамды қандай қиындықтан да аман алып шығатын құдірет еңбек екенін мен сөбі кезім-нен ақ сезіндім. Кейінгі жастарға үнемі «Еңбек-ет, отбасыңды аяса, еліңе қызмет қыл: өзін де табысты болып, Отаныңның да қуаты арта-ды» дейтінмін сондықтан.

Соғыстан соңғы кезеңдегі тың игеру, металл қорыту, балқыту – халық шаруашылы-ғын қалпына келтірудің дәл ортасында жүрдік. Социализмнің артықшылығын да, кемшілігін де көрдік. Бір сөзбен айтқанда, Кеңес Одағы құрамында болған жетпіс жылдыңғы нәтижесі біздің елдің пайдасына шешілген жоқ.

XX ғасыр басында алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Өлхамдүлле, алты миллион халықпыз» деген екен. Патшалық Ресейдегі 1913 жылғы ресми санақ бойынша, Дала өлке-сінде, Түркістан өлкесіндегі қазақтарды қоспа-ғанда, 5 миллион 597 мың халық тұрған. Де-мек, Аханұны айттып отырғаны – күмен келтір-мейтін ақиқат. Ал арада жарты ғасырдай уақыт өткенде КСРО-да 1959 жылы өткізілген санақта Қазақстандағы қазақтардың саны 2 миллион 787 мыңға дейін көміп, республика халқының небәрі 30 пайызын ғана құраған.

Мен 1989 жылы республикамыздың бірінші басшысы болып сайландым. Дәл сол жылы өткізілген КСРО-ның ең соңғы халық санағы-ның деректері бойынша, Қазақстандағы қазақ-тардың үлес салмағы небәрі 40,1% ғана еді.

Азат еліміздің жастары тәуелсіздікке барар жолдың қандай азатты болғанын, қандай құр-бандықтар мен сынақтар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы, ашаршы-лықтың алапат екі толқыны, қуғын-сүргін мен репрессиялар, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарындағы жаппай қоныс аударудың зар-дабы арқылы жеткенімді білуі керек. Мұның өзі өткен тарихты қастерлеп, алдан сабақ алу үшін қажет. Менің «Тәуелсіздік – бабалар қанымен келген киелі құндылық» дейтінім осыдан.

Мен отыз жыл бойы халқымды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтықтырмай, қай-ранға қалдырмай, өлемдік өркенеттің алдың-ғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде өлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктері менңерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа ел-ордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын.

Біз, Абай атамыз айтқандай, «ақырын жүріп, анық бастық». Соның арқасында көп салалар мен бағыттар бойынша өзгерлерден озып кеттік. Енді осының мән-жайына тереңірек тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін кейбір деректі халықтың назарына ұсынғым келеді.

Кеңес Одағы сынды алып империя өткен ғасырдың 70-жылдары тарихшылар қауымы «тоқырау» деп айдар таққан күрделі кезеңге аяқ басты. Тек жоғары билік бекіткен жоспар мен қосып жазуға негізделген кеңестік эконо-мика, жалаң ой, жадағай пікірлі коммунистік идеология қоғам дамауын тығырыққа тіреді.

Тоқырау кезінде ел экономикасында орын алған мүшкіл халді Қарағанды облыстық пар-тия комитетінде басшылық қызмет атқарған 70-жылдардың соңында айқын аңғара баста-дым. Ал мен Қазақ КСР Үкіметінің басшылы-ғына тағайындалған 80-жылдары жағдай тіпті асқынып тұрған болатын.

М.С.Горбачевтың «қайта құруы» тоқырауа белшесінен батқан қоғамға серпіліс әкеле алмады, керісінше көпсөзділікке, жаппай жар-намалық ұрандарға жол берілді. Экономика-лық базис жасалмай, асығыс басталған «бет-бұрыс» жылдар бойы қордаланған проблема-ларды одан ері өршітіп, шарықтау шегіне жет-кізді.

КСРО-да болған алғашқы демократиялық сайлаудың нәтижесінде іріктелген халық депутаттарының І съезі 1989 жылдың мамыр-маусым айларында өтті. Бұл кезде мен Рес-публика Министрлер Кеңесі төрағасы бо-латымын. Алып одақ экономикасында орын алған мүшкіл жағдайды ашық айтуға тура келді.

Кремльдің Съездер сарайының трибунасы-нан мамырда сөйлеген сөзімді қаз-қалпында келтірер болсақ, онда былай деген екем: «...Қызметтік міндетім бойынша практикалық экономика мәселелерімен айналысып жүрген менің айтарым: біз бүгінде ел экономикасын-дағы шынайы жағдайды нақты білмейміз. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: КСРО Мемлекеттік статистика комитеті деректері бойынша, елдегі азық-түлік өндірісі артқан, бірақ сөрелер бо-са. Жоспарлар орындалуға, ал экономика ахуалы нашарлап барады. Неге? Мұндай «негелер» тым көбейіп кетті. Түптің түбінде экономи-кадағы дағдарыстың қаншалығы тереңдеп кеткенін анықтап, оны еңсерудің айқын жолын табуымыз керек-ақ.

Он екінші бесжылдық жоспары тоқыраудың ең тозаңдан дәстүрлері негізінде жасалды».

Өрине, екі күннің бірінде «қайта құру», «бетбұрыс», тіпті «жеделдету» деп ұрандатып жатқан М.Горбачевқа «он екінші бесжылдық тоқыраудың ең нашар дәстүрі негізінде жасал-ды» деген сөз ұнай қойған жоқ. Тіпті регла-ментпен шектегісі келгендей сыңай танытты. Бірақ заңдын дүркірете қол соққаны оның мені тоқтатуына мүмкіндік бермеді.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей, енді тартынып қалуға болмайтынын сезгендіктен, Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайды да айтуға тура келді: «Ведомостың өктемдік өлемдік нарықта зор сұранысқа ие шикізат ресурсына бай республикамыздың өз әлеумет-тік дамуында ауыр жалғе түсуіне, экологиялық дағдарыс шегіне келіп тірелуіне өкен соқтыр-ды. Ыдыс-аяқ дүкеніне кіріп кеткен пілдің кебің киген министрліктер Аралдың түбіне жетіп тынды. Екібастұз даланы күлге бектірдіе. Мұнай өндіріп жатқандарға оның түк қайыры болмай тұр. Түрлі полигон үшін малшылар өрістерінен айырылды, ал оның өтемі туралы мүлде сөз жоқ».

Сөзімді аяқтап, залға қарасам, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің өңі сүп-сүр болып кеткен екен. Бірақ ел мүддесі, халық тағдыры талқыға түскен мұндай сөттерде аянып қалуға болмайтын еді.

Одақтың кетеуі кетіп, іргесі сөгіле бастаған кейінгі екі жыл ішінде қалыптасқан нақты жағдай тіпті ушығып кетті.

Кейін зерттеушілер «егемендік шеруі» деп айдар таққан үдеріске 1989 жылы алдымен Балтық елдері кірісіп, Кавказ елдерінде жал-ғасты да, артынан бүкіл Кеңес Одағын қам-тыды. 1990 жылдың аяғына дейін Одақ құра-мындағы 15 республика түгелдей өз егемен-ділігн жариялап үлгергенімен, Эстония, Литва және Латвия елдерінен басқа 12 республика өлі Одақ құрамында болатын.

М.С.Горбачев қаншалығы жанталаса қи-мылдап, Одақты сақтап қалуға әрекет еткене-мен, КСРО-ның одан ері ыдырауын тоқтату мүмкін емес еді. Келесі 1991 жылдың 18-21 тамызында өйгілі «тамыз бүлігі» болды. Бұл Кеңес Одағы басшылығының дәрменсіздігін күлпіл өлемге танытты. Соның нәтижесінде 1991 жылдың тамыз-желтоқсан айларында қалған республикалар түгелдей өз тәуелсіз-дігін жария етті.

Саясаттың қуызу көтеріліп, Горбачев пен Ельциннің текетіресі шегіне жетіп, бір кездері темірдей төртіпке негізделген орталықтағы басшылықтарн береке кеткен сол тұста Қазақ-стан тарапынан жіберілген жалғыз қателіктің өзі орны толмас трагедияға өкел соқтыруы өбден мүмкін еді.

Біз ашуды ақылға, асығыстықтың сабырға жөңдіріп, үнемі әліптің артын бағып, аңысын аңдумен болдық. Маған батылрақ қимылдау үшін бүкілхалықтық мандат керек еді. Осы-лайша **1991 жылдың 1 желтоқсанында ел тарихындағы тұңғыш Президентің сайлау өткізіліп, онда халықтың 98%-дан астамы қолдау білдірді. Бұл маған қанат бітіріп, өркін қимылдауыма көп ашты.**

Сайлаудан 2 күн өткенде – 3 желтоқсанда Алматыға М.Хофф бастаған Еуропа Парла-ментінің үлкен делегациясы келіп, Қазақстан-ның жаңадан сайланған Президенті ретінде мені ресми сапармен Брюссельге келуге шақырды. Бұл да бізге үлкен демеу, халық-аралық деңгейдегі қолдау болды.

Біз тәуелсіздікті жариялауға дайындықтың соңғы, шешуші кезеңіне де келіп жеттік. 8 желтоқсанда Б.Н.Ельцин, Л.М.Кравчук және С.С.Шушкевичтің қатысуымен Белоруссияның Беловежьесінде өткен кездесуде Кеңес Одағының «Халықаралық құқық пен геосаяси жағдай субъектісі» ретінде өмір сүруін тоқ-тақтаны туралы мәлімдеме жарияланды. Мен Ельцинмен, Кравчукпен, Шушкевичпен жүз-десу үшін шұғыл түрде Мәскеуге ұштым, мұн-дай кездесу күні бұрын жоспарланған еді, бірақ шақырылған үшеуі де келмей қалып, кездесу болмай қалды.

Бұдан кейін кеңес және шетелдік баспасөз өкілдерімен Мәскеуде өткізген баспасөз әспілдатында: «КСРО құрамына енген бар-лық республикалардың тәуелсіздігін мойын-дап, олардың тез арада Біріккен Ұлттар Ұйы-мына мүше болуына көмектесу керек», – деген пікірімді ортаға салдым.

Желтоқсанның 12–13 жұлдызында Ашха-бадта Орталық Азия республикаларының басшыларымен бас қосып, жағдайды саралай келіп, біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

тең құқылы мүше болуға өзір екендігіміз жөнінде ортақ мәлімдеме жасадық. Ертеңінде көптен күткен күн туып, Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 14 желтоқсанында өткен 12-шақырыл-ған 7-сессиясының талқылауына «Қазақстан-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» консти-туциялық заң шығарылды.

Еліміздің жетекші заңгерлерінің қатысуымен алдын ала сараланып, сараптамадан өткізіліп, қапысыз даярланған заң бірден-ақ мақұлда-нуға тиіс болатын. Оның үстіне өзге респу-бликалар мұндай заңдарын елдеқашан қабыл-дап қойған. Бірақ жағдай біз күткеннен басқа-шалау болып шықты.

Жоғарғы Кеңес залында вице-президент Е.М.Асанбаев қатысып отырғанымен, мен талқылауды кабинетімдегі байланыс арқылы жіті бақылап отырдым. Әлі есімде, күн төртгі жария етілісімен-ақ бір депутат: *«Біз кімнен және неден тәуелсіздікті алғалы отырмыз?! Өзіміз 70 жыл бойы сөгіп келе жатқан ресей империясы үлгісімен енді қазақ империясын құруға ұмтылып жатқан жоқпыз ба осы?»*, – деп арандатушылық пиғылдағы сұрағын бастап кетті.

Көп ұзамай тағы бір депутат оны қостай түсіп: *«Біз тәуелсіз мемлекет жариялау мәселесін талқылаудамыз. Ертең мәңгертең 17 миллион халықтың тең жарымы – орыс-тілді қауым бөтен мемлекеттің азамат-тары болып шыға келмек. Жолдастар, бұлай етуге болмайды ой»,* – деді.

Ал енді бір «халық қалауысының»: *«Тек қазақ қана Қазақ КСР-інің немесе Қазақстан Республикасының Президенті бола алатыны жөніндегі ұсынысты маған қатысты алғанда азаматтық теңқұқылыққа жасалған қиянат дегуе бола ма, жоқ па?»*, – деген сұрағына орай депутат С.Сартаев оған қазақ елінің Президенті «мемлекеттік тілді және ұлтаралық келісім тілін қатар меңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті.

Мен өдейі, этика сақтап жөнел оу уақыттың алыста қалғанына, заман-төңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті.

Мен өдейі, этика сақтап жөнел оу уақыттың алыста қалғанына, заман-төңгерген адам» бола алатыны жөнінде заңда тайға таңба басқандай жазулы екенін ескертті. Өрине, олардың мұндай «батыл» сөйлеуінің ар жағында қолтығына су бүркетін сыртқы күштердің бар екенін де бірден аңғардым. Бірақ маған қателесуге де, ашуға бой алды-руға да болмайтын еді. Сол кездегі Жоғарғы Кеңес депутаттары, ел ағалары, белгілі заңгер, ғылым қайраткерлері С.Зиманов, С.Сартаев, Ә.Кейілбаев, М.Қозыбаев, Ө.Жолдасбеков, т.б. депутаттардың орнықты, дәлелді жауапта-рына қарамастан, заң жобасын екі күн бойы талқылаған депутаттар ортақ мәмілеге келе алмады.

Талқылау өбден тығырыққа тірелген кезде 16 желтоқсан күні түстен кейін мен Жоғарғы Кеңеске келіп, депутаттарға мән-жайды өзім түсіндіріп, олардың бұл шешімін бүкіл Қазақ-стан халқы, күлпіл өлем жұрты күтіп отырғанын былайша жеткіздім: «Бұл заңды қабылдауы-мыз керек, өйткені жалғыз біз ғана қалдық. Көпүлтіті Қазақстан халқының алдында біздің арымыз таза. Бұл – барлығы өр өзсіне үніле отырып оқытын маңызы заң. Менің сайлау-алды бағдарламам, біз шешкелі отырған бар-лық мәселелердің түйіні – осы. Басты мәселе – мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі. Артық шүй-лісудің, ешқандай мән-маңызы жоқ сөздерді қолданып қажеті жоқ. Заңды осы күйінде басым көпшілік дауыс арқылы қабылдау керек деп санаймын. Баршаныңдан осыған бейілділік білдірулеріңізді сұраймын».

Осы сөзден кейін қарсы сөйлеген депутат-тардың біразы сабасына түсіп, заң жобасы көп-шілік дауыспен қабылданды. Бұл бөріміз көп-тен күткен айшықты мезет, тарихи оқиға еді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Алдын ала ойластырумен, зор ұйымдастыру-шылықпен, қапысыз дайындықпен жүзеге асты.

Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жет-кізсек те, оған барған жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік сол киелі қаның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі бас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп өдейі жазып отырмын.

Тәуелсіздікті жариялау оңай емес, оны бүкіл өлемге мойындату одан да қиын еді. Мен Қазақстан тәуелсіздігінің осындай биік дең-гейде мойындалуын да алдын ала ойлас-тырып қойған едім.

Бірнеше ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы келісудің нәтижесінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннің ертеңінде елімізге ресми сапармен АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкердің өзі келді. Бұл оның Қазақстанға екінші сапары болатын. Осы уақыт ішінде екеуміз өзара сенімге негізделген достық қатынас орнатып үлгерген едік. АҚШ-ты сыртқы саясатына жауапты тұлға Қазақ-станды тұңғыш Президент сайлауымен, тәуел-сіздік жариялауымен шын жүректен құттық-тады. Бұл ақпаратты онымен бірге келген шетелдік журналистер қауымы АҚШ пен Батыс елдеріне сол сөтте-ақ таратып жіберді.

Оқиғалар ағыны қарқын ала түсті. Эконо-микалық ынтымақтастықты сақтау үшін 21 желтоқсан күні Ресей, Украина, Беларусь, Эстония, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Молдова және Қазақ-стан президенттері бас қосқан кездесуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөнінде келісімге қол қойылды. Саммит Қазақ-стан тарапының бастамасымен Алматыда өтті. Бұл бір кездері *«КСРО құрамына енген республикалардың ендігі тағдыры қалай бо-лады, кімнің жетегінде кетпү мүмкін?»* деген өлем мемлекеттерінің алаңдаушылығын сап тияды. Достастық мемлекеттерінің бірлестігі пайда болды.

Тәуелсіздік осындай «тар жол, тайғақ кешу-лер» мен «соқтықпалы, соқпақты замандар-да» аман өтіп, өзінің арналы жолын тапты.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз береке-бірлікке, ынтымаққа, ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімге негізделген саясатты жүзеге асырдық. Бұл елімізді үздіксіз өсу мен өркендеуге бастады. Осының қадірін біліміз керек. «Бірлігі бар ел озады», – дейді дана халқымыз.

Біз дамудың даңғыл жолына түскенде өзіміз сияқты тәуелсіздігін жариялаған Грузия, Әзербайжан, Армения мемлекеттерінде, өкі-нішке қарай, соғыс өрті тұтанып, Приднес-тровье Молдовадан бөлініп кетті. Тәжікстандан азамат соғысы өршіп, бауырлас қырғыз елінде дүркін-дүркін дүмпулер мен қақтығыстар орын алды, сол жылдары басталған келіспеушілік-тер әлі күнге дейін жалғасып, елдің берекесін алып қана қойған жоқ, экономикасын да тұра-латып, жылдар бойы алағ дамуын тежеді. Украинаның оңтүстік-шығысындағы осы күнгі жанжалдың төркін де тоқсанышы жылдардан келе жатқан алауыздықтардан басталды.

Ынтымағы жарасқан елдің табысы тасып, абыройы асады. Берекесі қашқан елдің қуаты

кеміп, құты қашады. Отыз жыл ішінде біз ғасырларға бергісіз даму жолынан өттік. Ауыз толтырып айтар табыстарымыз да аз емес.

Тәуелсіздік жариялаған соң жүйелі саяси реформаны қолға алдық. Осыдан жиырма бес жыл бұрын бүгінгі барлық жетістіктерімізге берік заңнамалық іргетас болып қаланған Ата заңымыз – жаңа Конституциямызды қабыл-дадық. Бүкіл халық болып талқылаған бұл құжат ел дағалығы мен ынтымағының, береке-бірліктің іргетасына айналды.

Дүниеде экономикалық даму мен демокра-тияның алуан формасы болса да, оның дәл сол күйінде көшіріп ала қоятын ортақ үлгісі жоқ. Біз өлемдік тәжірибені қорытып, өз ерек-шеліктеріміз бен мүмкіндіктерімізді ескеріп «Қазақстан – 2030» стратегиясын түздік. Онда белгіленген жежелі көрсеткіштерді мерзімнен бұрын орындаған соң халықтың қолдауын тапқан «Қазақстан – 2050» бағдарламасын жасадық. Өлемдік саясаткерлер мен сарап-шылар «Қазақстан жолы» деп жоғары баға берген ұлт дамуының даңғыл жолының өзегін дәл осы қос стратегия құрайды.

Біздің жұрт – тамырын жеті қат жер астына жіберген алып бөйтеректей өзінің күш-қуатын ғасырлар бойы Ұлы дала төсінен алған байыр-ғы халық. Бабаларымыз бізге мұра қылып ұланғайыр жер қалдырды. Бірақ ол кешегі патша заманында да, Кеңес Одағы тұсында да халықаралық құжаттармен ресімделмеді.

Жалпы ұзындығы 14 мың шақырымдық біздің шекарамыздың барлық бойлығына қатысты сындарлы келіссөздер үдерісін ұйымдастыру оңай міндет болған жоқ. Бұған басшылығы алғашқы күндерден-ақ біздің тәуелсіздігімізге, сондай-ақ шекарамызды нақтылау ісіне қолдау білдірген екі ұлы көршіміздің – Ресей мен Қытайдың арқасында қол жеткізілгенін айта кетуім керек. Сөйтіп, Қазақстанның Ресей Федерациясымен ара-дағы ұзындығы 7500 шақырым болатын ортақ шекарасы достық пен сенім белдеуіне айнал-ды. ҚХР-мен шектес 1700 шақырымдық шекарамыз бойынша да тарихи уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл жайт шекара мәселесі бойынша өзге де көрілсе елдердің сындарлы ұстанымда болуына септігін тигізді.

Біз Ресейдің және оның президенті В.В.Путиннің, Қытай басшылығының тарихы-мыздағы сол маңызды сөтте көрсеткен қол-дауының ердайым қадірін біліп, ризашылық-пен есе ұстауға тиіспіз.

Келіссөз барысында өзара түсіністік пен тараптардың мүддесіне деген құрмет атуалын қалыптастыра отырып, біз жүйелі түрде халықаралық келісімшарттар жаса-сып, мемлекеттік шекарамызды түпкілікті айқындап алдық. Солайша, бабалар аманаты орындау үшін және күндердің күнінде өз ұрпағымыздың алдынан бұдан да ауыр қиындықтар шықпауы үшін түйткілдер мен көдергілердің бәрін еңсеріп, қолға алынған істі ақырына дейін жеткіздік.

Жер дегеннен шығады. Кеңес Одағы тұсын-да қазақтың ұлан-байтақ жерінің өр тұсы жан-түршігерлік атом жарылыстары жасалған түрлі ескери полигондар мен базаларға, зертхана-ларға айналды. Тек бір ғана Семей полиго-нында 456 ядролық, термоядролық жарылыс жасалды. Оның 116-сы ашық атмосферада жарылып, халқымызға орасан зор зиянды зардаптар өкелді. Қазақстан ғалымдарының есебі

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ – 2002-2011 ЖЫЛДАР

2002 жыл Мемлекет басшысының №814-Жарлығымен Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаев Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындалды.

25 ақпан. Мемлекет басшысы Абай атындағы Опера және балет академиялық театрының солисі, Қазақстан Республикасының Еібек сіңірген өртісі, өнші Майра Мұхамедқызын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушыс Дүкенбай қосымды қабылдап, шығармашылық иелерімен өнер, руханият жөнінде өңгімелесті.

21 қыркүйек. Қазақ хандығының соңғы ханы, қазақ халқының 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісінің даңқты қолбасшысы Кенесары Қасымұлының 200 жылдығы Көкшетауда салтанатты түрде атап өтілді. Салтанатты жиынға қатысқан мемлекет басшысы: «Кенесарыға лайықты баға бере отырып, оның саяси мұрасынан, көрегендігі мен жеңілістерінен сабақ ала отырып, аруақтар алдында жауапкершілік сезімнен және ұрпақтарымыздың жадында сақтау үшін оның атын еشبір күмбесіс «ұлттың даңқ қабырғасына» жазу қажет», - деп атап көрсетті.

26 қыркүйек. Көне Тараз қаласының 2000 жылдығы салтанатты түрде атап өтілді. «Мерейтойдың ЮНЕСКО аясында аталуы – біз үшін үлкен ғанибет. Тараздың басты тағылымы да міне осында жатыр.

23 қаңзан. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында Дүниежүзі қазақтарының ІІ құрылтайы өтті. Оған өлемінің қырық елінен 400-ден астам делегат келіп қатысты. Құрылтай төуелсіз Қазақстанның іргесі нығая түскенінің анық куәсі болды.

30 қазан. Мемлекет басшысы өйгілі акын, Қазақстан Республикасының Халық жазушысы Тұрсынхан Әбдірахманованы қабылдап, 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтады.

2002 жыл – Қазақстандағы денсаулық жылы

Ұлттың саулығы – мемлекеттің байлығы екендігі белгілі. Сондықтан да «2002 жыл – Денсаулық жылы» деп жарияланды. Денсаулық жылы деп жариялануының өзі Қазақстандағы десаулық сақтау саласындағы күрделі жағдайлар мен оларды шешуге бағытталған қадам болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі күніне орай екі жылда бір рет тапрысылып отыратын Әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік ең жоғарғы марапат – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығы 2002 жылы «Аңсау» жыр жинағы үшін ақын Марғұға Айтхожинаға, «Жаза» романы үшін жазушы Әкім Таразиге, «Ғасырмен қоштасу» өлеңдер жинағы үшін акын Нұрлан Оразалинге, «Қорқыттың көрі» жыр жинағы үшін акын Иранбек Оразбаевқа, Алтын жамбы» сыни мақалалар жинағы үшін сыншы Зейнолла Серікқалиға берілді.

2002 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының 1500 жылдығы ел көлемінде салтанатты түрде атап өтілді. ҚР Үкіметі құрған арнайы бағдарлама аясында эпостың академиялық басылымын дайындау, шығару; «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» және түркі өлемі» конференциясын өткізу, мектептер мен арнайы, жоғары оқу орындарында, кітапханаларда,ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, ескерткішті және оған дейінгі жолды жөндеуден өткізу т.б. игі істер атқарылған.

2002 жылы Қазақстан мен Орта Азия жастарының XX ғасыр басындағы аса көрнекті жетекшісі, «Жас Алаш» газетінің тұңғыш редакторы, ағартушы-демократ, қоғам қайраткері – Ғани Мұртабаевтың туғанына 100 жыл толуы республика көлемінде атап өтілді.

2002 жылы өйгілі күйші Қали Жантілеуовтің (1902-1970), халық ақыны Ғабдиман Игенсартовтың (1902-1962), акын, журналист Ғалым Малдыбаевтың (1901-1982), Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафиннің (1902-1985), Қазақстанның халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойлары атап өтілді. Мемлекет басшысының жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысындағы Целинный ауданы Ғабит Мүсірепов ауданы болып аталды.

2002 жылы Қазақстан үшін саяси-экономикалық тұрғыда табысты жыл болды. Осы жылы Өзбекстанмен мемлекеттік шекара делимитациялау туралы келісімге қол қойылды. Ресей Федерациясымен шекараның 80 пайызын делимитациялау аяқталды. Бұл – рухани, мәдени, әдеби жаңалықтармен қатар, ел ел ертеніңін алаңсыз да жарқын болуы жолындағы зор нәтиже болатын.

2003 жыл

5 қаңтар. Мемлекет басшысының шешімімен бір топ қалагерлерге Қазақстанның әдебиет және өнер қайраткерлеріне берілетін 2002 жылғы Президенттік стипендиясы берілді.

6 ақпан. Қазақстан журналистерінің ІІ Конгресі өтті.

11 ақпан. Мемлекет басшысы КСРО Халық өртісі, композитор Еркеғали Рахмадиевті қабылдап, онымен танымал композитор Мұқан Төле-

баевтың туғанына 90 жыл толуына орай мерекелік шаралардың дайындығы мәселелерін талқылады.

4 сәуір. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдау жасады. Аталған жолдауда «2002-2006 жылдарға арналған Мәдени мұра» бағдарламасы туралы айтты: «Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде биыл бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын «Мәдени мұра» арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді ұсынамын», - делінген аталған құжатта.

8 сәуір. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының халық өртісі, сазгер Шамғон Қажығалиевті қабылдады.

23 сәуір. Алматы қласында «Ұлы жібек жолымен» атты ІІ Халықаралық кітап және полиграфиялық жәрмеңкесі өтті.

4 қыркүйек. Атырау қаласында халық ақыны, Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің рухани жетекшісі Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына орай мерейтойлық шара басталды. 2003 жылы 14 қыркүйекте Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына орай Атырау қаласында «Исатай-Махамбет» сәулеттік-мемориалды кешені ашылды.

2003-2005 жылдар Қазақстанда «Ауылды қолдау жылдары» аталды.

2003 жылы «Азия дауысы» Алматыдағы «Республика сарайында» өтті.

2003 жылы Түркістандағы Қожа Ахмет Йссауи кесенесі ЮНЕСКО мәдени мұраларының тізіміне енгізілді.

2003 жылы - Қазақстан заңнамаларын ізіглендірудің де жарқын жыл болғанын атап өткен жөн.

2004 жыл

28 қаңтар. Белгілі акын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Парламент Мәжілісінің депутаты Фариза Оңғарсынова Мемлекет басшысының арнайы қабылдауында болып, бірқанша мәселелерді көтерді.

12 ақпан. Отандық ғылымды дамыту мақсатында, мемлекет басшысы бірқатар мамандармен кездесті. Олардың қатарында Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ө. Қожамқұлов болды.

8 сәуір. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Қабдолов Мемлекет басшысының арнайы қабылдауында болды.

1 мамыр. Бұл күн Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Осы күннің құрметіне орай Астанада мерекелік іс-шаралар өтті.

8 шілде. Ақмола облысы «Бұрабай» демалыс аймағында отыз жеті метрлік Абайлай хан стеласының ашылу салтанаты болды. Жалпы Бұрабайдағы Абайлай хан алаңы еліміз тарихында айрықша орыны бар жер болып саналады. Осы алаңда «Хан тағы» мен «Абайлай хан ордасы» атты архитектуралық кешен салынған.

22 қыркүйек. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының құрылғанына 60 жыл толды. Аталмыш оқу орынының мерейтой құрметіне орай Мемлекет басшысы институт ректоры Ш.К. Беркімбаеваны қабылдады.

23 қыркүйек. 2004 жылдың 13-29 тамызы аралығында Грекия астанасы Афина қаласында өткен XXVIII жазғы Олимпиада ойындарының қатысушылар Мемлекет басшысының арнайы қабылдауында болды. Президент бокстан олимпиада чемпионы Бақтияр Артаевқа І дәрежелі «Барыс» орденін, және жазғы Олимпиадан топ жарған спортшыларға «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі тапсырылды.

12 қазан. Астана қаласында Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің ІІІ съезі болып өтті. Аталмыш жиналысқа ел президенті өзі қатысып өйілгенен сөзінде: «Білім беру мен ғылымды дамыту – бұл саяси һәм ұлттық тасырпа.

Осы жылдың ең басты әдеби жаңалығы ретінде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын Жазушы Төлен Әбдікке «Парасат майданы» хикаяттар жинағы үшін берілген болатын.

2005 жыл

27 қаңтар. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің отырысы болып өтті. Осы отырыста Қоғамдық кеңес алдына бірқатар міндеттер қойды. Олардың қатарында Шілікті қорғанынан табылған үшінші «Алтын адамға» зерттеу жұмыстарын жүргізу; қазақ фольклоры сериясы бойынша шығарылған «Бабалар сөзі» көп томдығының таралымын көбейту; қазақ классиктерін шығармаларын шетел тілдеріне аудару; жобаға зиялы қауым мен кәсіпкерлерді де тарту; бағдарлама аясында арнайы қор құру сынды бірқанша шаралар қолға алынатын болып бекіді.

4 ақпан. Өзара өңгімеде Отан соғысының 60 жылдық мерекесін атап өту дайындық жұмыстары талқыланды. Қасым Қайсенов туралы қысқаша айта кетер болсақ 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы

Ұлан ауданында дүниеге келген. Батырдың туған ауданы бұл күнде өз атымен Қасым Қайсенов кенті деп аталады. Қасым Қайсенов 1940 жылы ЖШҚӘ қатарына шақырылып, ескери барлау мектебіне жіберіледі. Оны бітірген соң, 1941 жылы Украинаның басып алған аумағына партизандық қозғалысты ұйымдастыру міндетімен барады. 1944 жылға дейін сол аумақта В.И. Чапаев атындағы партизандық отрядты басқарады. Соғыстан кейін шығармашылықпен айналысып, соғыс, партизандық тақырыпта көптеген шығармаларды дүниеге өкеледі.

25 ақпан. Петропавл қаласында Шоқан Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскийге арналған мемориалдық тақтаның ашылу ресімі болды.

22 наурыз. Астана қаласында «Нұр-Астана» ислам мәдени орталығының салтанатты ашылуы болды. Ашылу салтына Катар Мемлекеті Әмірінің арнайы өкілі Мұхаммед Исмаил әл-Имадида қатысты. «Нұр-Астана» ислам мәдени орталығы Катар мемлекетінің қайтарымысыз негізде бөлінген қаражатына салынған.

19 сәуір. Алматы қаласында Республика сарайының алдында Ұлы Отан соғысының 60 жылдығына орай салтанатты жиналыс өтті. Жиналыс барысында Отан соғысының мәні мен маңызы, қан мен терге келген жеңістің бодауы туралы салмақты ойлар айтылды.

7 мамыр. Астана қаласында Отан соғысындағы жеңістің 60 жылдығына байланысты ескери шеру өтті.

13 тамыз. Алматы облысы Райымбек ауданында Райымбек батырдың 300 жылдық мерейтойы басталды. Райымбек батыр ел тарихындағы айтулы баһадүрлердің бірі. Оның өмірі отанға деген адал махаббат пен тәуелсіздікті, елдікті, теңдікті қорғаудың айқын белгісіндегі. Райымбек батырдың тарихи тұлғасы Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Абайлай хан сынды ел алыптарының орынымен қатар тұр.

30 тамыз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығына арналған «Конституция: тұлға, қоғам және мемлекет» атты халқаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конституция – қашанда ел өмірінің тірегі. Ұлт болашағының айнасы. Мемлекетті дұрыс өркендетудің, оң жолға бастаудың, елді заң арқылы басқарып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етуәді басты құралы.

25 қазан. Астана қаласынла Республика күніне арналған салтанатты жиналыс өтті. Бұл күн ел өмірінде айрықша маңызға ие екені түсінікті. Осыдан тура он бес жыл бұрын, 1990 жылы 25 қазанда, Жоғарғы Кеңестің шешімімен «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданған болатын.

6 желтоқсан. Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «ҚазТАГ» құқық мұрагері – «Қазақпарат» Ұлттық компаниясы» АҚ-нда болып, ардагерлері мен қызметкерлерін ұйымының 85 жылдық мерейтойымен құттықтады. Президент «ҚазТАГ – 85 жыл: тарих жылнамасы» фотожөрмесін қарап шығып, ақпараттық агенттіктің шығармашылық және техникалық қызметтерінін жұмысымен танысты.

16 желтоқсан. Астана қаласында Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара өтті. Бұл өлем тарихы алдында Қазақстан Республикасының он төртінші рет өз Егемендігін атап өту мертебесі болатын.

2006 жыл

11 қаңтар. Астана қаласында Мемлекет басшысының резиденциясы ресми түрде ашылды. Президенттің елге қызымет көрсетуге арналған орталығы, салтанатты ұлықтау ресімі сипатында аталып өтті.

10 ақпан. Осы жылы ақпан айының 10 жылдығы мен 26 жылдызы аралығында Италияның Туринде қаласында Халықаралық қысқы олимпиада ойындары болып өтті. Осы реткі қысқы додаға сексен елден екі жарым мыңнан аса спортшы қатысты.

22 наурыз. Бұл күн тұтас қазақ жұртшылығы үшін аяулы мереке, айтулы күн. Алаш басшыы үшін жаңа жылдың басы, екі жылдың соңы. Осы күні Алматы, Астана қалаларымен қатар бүкіл республикамыздың қалаларында жыл басы – өз наурыз тойланады.

4 сәуір. Мәскеу қаласында Абай Құнанбайұлының ескерткіші ашылды. Мәскеу қаласының Чистопрудный бағында ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының қатысуымен Абай ескерткіш салтанатты түрде ашылды. Ескерткіш Мәскеу жұртының қазақ халқына деген ыстық сөлемі, рухани үндестілігін жаршысы болып бағаланды. Сол кездегі деректерге сүйенсек ескерткіштің құны еліміз ақшасы 160 миллион 800 мың теңгені құрайды. Ескерткіштің жобасын Қазақстанның танымал мүсіншісі М. Әйенков пен дизайнер Т. Сүлейменов басшылық еткен авторлық ұжым жасаған. Ұлы ақынның ескерткіші күні бүгінге дейін Мәскеу төрінде тұр.

16 мамыр. Астана қаласы «Конгресс-Холл» сарайында «Асқақта, Астана!» атты республикалық ақындар айтысы болып өтті. Бас жүлде белгілі айтыс ақыны, филология ғылымдарының кандидаты Аманжол

Әлтайға бұйырды. Айтыста оза шапқан Аманжол ақынның құрметіне, қала екімдігі «Волга» автокөлігін мінгізді.

18 қыркүйек. Осы күні Алматы қаласында Желтоқсан уақиғасының 20 жылдығына орай «Тәуелсіздік таңы» атты ескерткіш ашылды. Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арнайы ашылған «Тәуелсіздік таңы» ескерткішінің ашылу ресіміне мемлекет басшысы арнайы қатысты.

9 қараша. Мемлекет басшысы елордалық «ШЕЖІРЕ» галереясында ашылған А.А. Ақанаевтың жеке көрмесін тамашалады.

15 желтоқсан. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстандықтарды тәуелсіздігіміздің он бес жылдығымен құттықтады. Президент өз құттықтауында: «Қазақстанның посткеңестік елдер арасында реформалардың көшбасшысы ретінде танылғанын, бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасындағы нарықтық өлеуетке ие экономикасы бар ел екендігін, және еліміздің мәртебесінің жылдан жылға артып келе жатқанын сөз етті. Осы жылдар аралығында еліміз ядролық қарудан бас тартты. Және өлемдік дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізді, терроризмге қарсы күреске белсене араласты. Халықаралық бітімгершілік миссияларына қатыса отырып халықаралық бастамалардың нәтижесіне қол жеткізіп келе жатқанын ерекше атап өтті».

2007 жыл

2 ақпан. Украинада Қазақстан жылының салтанатты ашылу ресімі өтті. Және Киев қаласындағы Тарас Шевченко атындағы Ұлттық опера және балет театрында қазақстандық өнер жұлдыздарының гала-концерті өтті.

13 ақпан. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген мәжілісі болып өтті. «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуы аясында қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ Қазақстан аумағында тұратын басқа да ұлттардың тарихи ескерткіштерін зерттеп, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгендіктен, қазақстандықтардың ұлттық тарих пен мәдениетке, елдегі этникааралық және конфессияралық үйлесімділікке қызығушылықтары артты.

21 наурыз. Президент белгілі ғылым маманы, Қазақстан Республкасы ұлттық ғылым академиясының академигі Ж.С. Тәкібаевты қабылдап, ол кісімен болған өңгіме барысында Қазақстандағы атом энергетикасын дамыту мәселелері талқыланды. Және дәл осы жылы 30-ы наурызда С.С. Қирабаев пен Ә.С. Бейсенованы қабылдап, ол азаматтар мемлекеттік наградаларды табыс етті. Қабылдау барысында еліміздегі ғылымның жай-күйі мен дамыту жолдары сөз етілді.

21 мамыр. Мемлекет басшысы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалинді қабылдады. Кездесуде сол жылдың маусымында өткіз жоспарланған Қазақстан жазушылар одағының XII съезіне дайындық жөнінде, қазіргі заманғы әдеби үдерістің өзекті арналары, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі ақын-жазушылардың шығармашылығы, одақ мүшелерінің жұмыс жағдайлары мен өмірлері хақында біраз өңгімелер айтылды.

5 маусым. Астана қаласында атақты сазгер Төлеген Мұхамеджановтың «Махаббат...өмір бойы» атты шығармашылық кеші өтті.

19 маусым. Мемлекет басшысы Ресей ғылым академиясының вице-президенті, Нобель сыйлығының лауреаты, академик Ж.И. Альферовты қабылдады. Кездесу барысында Қазақстандағы жоғары технологияларды дамыту, сондай-ақ жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындау мәселесі талқыланды.

15 қазан. Иран Ислам Республикасының Ұлттық кітапханасының алдында Абай Құнанбайұлы ескерткіші ашылу ресімі өтті. Және шығыстың жұлдызды ақындары: Фирдоуси, Сағди, Шамси, Низули, Науаи, Хафиздері елінің төрінде ақынның шығармашылығына құрмет көрсетіліп, «Абайтану» кабинеті ашылды.

7 қараша. Сирия Араб Республикасындағы ойышл, ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің жерленген жерге жаңа кесене тұрғызылып, өрі сонымен бірге мәдени-орталықтың іргетасы тұрғызылды. Және де Дамаск қаласындағы Бейбарыс сұлтан кесенесін қайтадан қалпына келтіру, әл-Фараби кесенесі мен этномәдени орталығы құрылысын салу – Қазақстанның тәуелсіздік тарихында алаш рет шет мемлекеткерінің аумағына республиканың қаржылық көмегіме жүзеге асырылған ірі жобалары болған.

2008 жыл

21 наурыз. Дүниежүзілік музыка өнерін дамытуға қосқан айрықша үлесі, жалпы адамзаттық руханият, бейбітшілік және келісім құндылықтарына негізделген белсенді өртістік қызметі үшін Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры Айман Қожабекқызы Мұсақожаеваға Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы табыс етілді.

23 наурыз. 24 наурызда Афинадағы киелі Олимп тауында жағылып,

жазғы ойындар өтетін Бейжіңге жеткізілген алау 2008 жылдың 1 сәуір айында Алматыға өкелінді. Қазақстандық шаһар – олимпиада алауын алып жүрушілердің 130 күндік маршрутты жүріп өтетін бес құрлықтағы 22 ірі қаланың біріншісі болды.

25 наурыз. Мемлекет басшысы белгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовты қабылдап, жазушыны алда келе жатқан сексен жылдық мерейтойымен құттықтап, мерейтойлық шаралардың қазақ жерінде де өткізілетінін айтты. Кездесу барысында: «Шыңғыс Айтматовтың шығармаларынан қаншама ұрпақ тәлім-тәрбие алды. Жаңа тарихи жағдайларда қалыптасып келе жатқан жастардың да Шыңғыс Айтматовтың туындыларын оқуы өте маңызды», - деп атап көрсетті.

1 мамыр. 1 мамыр күні Ақмола облысы Көкшетау қаласындағы Абайлай хан алаңына жиналған қазақстандықтарды құттықтаған Елбасы: «1 мамыр – бүкіл елімізде, әр қала мен ауылда тойланатын жалпыхалықтық мереке. Тәуелсіздік алғаннан бері мереке жаңа өрі терең мазмұнға толды. Қазақстан халықтарының бірлігі күні біздің берік достығымыз бен тұтастығымыздың, адал ниетіміз бен мақсат-мүддеміздің бірлігінің символына айналды. Бізде бірлескен болашақты құру жөніндегі аса үлкен жоба бар. Ол – барша қазақстандықтардың ортақ Отаны – өркендеген, ынтымақ-берекесі асқан Қазақстанды құру жобасы», - деді.

8 желтоқсан. Сөкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының жаңа ғимараты ашылып, алғаш рет М.О.Әуезовтің пьесасы бойынша қойылған «Айман-Шолпан» спектаклінің премьерасы болып өтті.

9 желтоқсан. Қарағанды облысының орталығынан Абай Құнанбаевқа арналып, ескерткіш ашылды.

2008 жылы қазақ әдебиетінде өзіндік сұрлеу салып, ұлт әдебиетінің дамуына ықпал еткен бір топ ақын-жазушылар елуге толды.

2008 жылы қазақ әдебиетіндегі бір топ ақын-жазушылардың жүз жылдығы атап өтілді. Олардың ішінде жазушы, Ахметжан Нұрғазин, Хамза Есенжанов, ақын Тайыр Жароков, ақын Сөкен Сейфуллиннің жазыбы Ғұлбара Батырбекқызы бар.

2009 жыл

10 наурыз. Мемлекет басшысы экономика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары Р. Манделл мен Э. Фелпсті қабылдады.

Кездесу барысында өлемдік экономиканың проблемалары мен жаһандық дағдарыстан шығудың перспективасы туралы пікір алмасулар болды. Қазақстан басшысының бірыңғай халықаралық валюта бірлігін құру қажеттігі туралы бастамасына үлкен көңіл бөлінді.

5 шілде. Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында өлемге өйгілі опера өншісі Пласидо Домингонның концерті өтті. Концертке онымен бірге Виргиня Тола, өйгілі дирижер Ю. Кон, сондай-ақ Астана қаласының Мемлекеттік филармониясының симфониялық оркестрі қатысты.

29 тамыз. Президент көрнекті кеңестік және ресейлік жазушы, ақын, қоғам қайраткері Михалков Сергей Владимировичтің қайтыс болуына байланысты оның отбасына көңіл айту жөделхатын жолдады.

16 қыркүйек. Президент белгілі қазақстандық жазушы, этнограф өрі ғалым Ақселеу Сланулы Сейдімбектің мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айту жөделхатын жолдап, 18-і қыркүйек күні Астана шаһарындағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғимаратында өткен жазушы Ақселеу Сейдімбекпен қоштасу ресіміне қатысты.

«АЛТЫН САҚА» бапапар оын ортапызғы ашыпқы

АУЫЛ БАЛАСЫ ҮШІН ҚАЛАНЫҢ ТІРЛІГІ ТЫМ ҒАЖАП СЫҚЫЛДЫ КӨРІНЕДІ ӨЗІМЕ. ӨЙТКЕНІ, ОЙЫН БАЛАСЫ ҮШІН ҚАЛАНЫҢ ӨРБІР ЖЕРІНДЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ САНЫ ШЕКСІЗ-АУ, СІРӨ? АУЫЛДА КӨРМЕГЕН ОЙЫН АЛАҒДАРЫ МЕН ОРТАЛЫҚТАР НЕМЕСЕ КӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛАР ОЙЫНШЫҚТАР АУЫЛ БАЛАСЫН ЕРІКСІЗ БАУРАЙДЫ ЕМЕС ПЕ? ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫНДА ҚАЛА КӨРІП КЕЛГЕН АУЫЛ БАЛАСЫНЫҢ АУЫЗЫНДА «МЕҒАҒА БАРДЫМ» - ДЕГЕН СӨЗДІ АЙТПАСА, КЕС ҚҰЛАҚТЫ! РАС, ШЫНТУАЙТЫНДА СОЛАЙ. БҮЛ БІЗДІҢ АЙТПАҚ ОЙЫМЫЗДЫҢ БІР БӨЛШЕГІ ҒАНА. АЛ, ОСЫНДАЙ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОЙЫН ОРТАЛЫҚТАРЫН АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА, ТІПТІ АУЫЛДАРДА ДА ШАП-ШАҒЫН ҚЫЛЫП НЕГЕ АШЫП ҚОЙМАСҚА? - ДЕП БҰРЫН КӨП ОЙЛАЙТЫН ЕДІМ. АҚЫРЫ СОЛ ОЙЫМ ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. ӨРИНЕ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН МЕН ЕМЕС...



Олай дейтін себебім өткен аптада ауданымызда алғашқы «Алтын сақа» балалар ойын орталығы ашылды. Бұрынсоңды аудан орталығында болмаған кәсіптің көзін Асылтай Сағынова ашып отыр. Бұған дейін мемлекеттік қызметте болған ол қысқартуға байланысты жұмыстан босап қалған. «Үйде қарап отырған болмас» - деп жеке қаражаты арқылы балалар ойын алаңын ашуды ұзақ уақыт ой елегінен өткізеді. Ақыры ойында жүрген оның

арманы отбасының қолдауымен орындалды. Қазір ойын орталығының ғимаратын жалға алған. Балалар ойын орталығының пентасын әулеттің үлкені Айсұлу Ғалымова мен нағашы әжесі Сырға Қалдығұлова қиды. Асылайдың кәсібіне береке тілеген ағайын-туыстары бұл игі іске дән риза. Себебі, енді ашылса да, бұл орталықта барлық жағдай жасалған. Балалардың жайлылығы мен қауіпсіздігіне мықты көңіл аударған. Орталық 1

жастан 12 жас аралығындағы балаларға арналып жасакталған. 1-3 жас аралығындағы балаларға арналған құрғақ хауыз, 2 өткеншек сырғанағымен, үлкен-үлкен құрастырмалы ойыншықтар, мамандық бойынша ойнайтын ойыншықтың түр-түрімен қамтылған. 7 жас пен 10 жастағы балаларға арналған батуттар мен 15 шаршы метрлік екі қабатты лабиринт бар. Барлық ойын құрылғылары балалардың денсаулығына зиян келтірмейтін материалдардан жасалған, балалар үшін өсте қауіпсіз. Өткеншек, сырғанақ, хауызымен қамтылған. Және бір бұрышты балалардың түскі 11-мен кешкі 8 аралығында, аптаның барлық күнінде де жұмыс жасайды. Бүлдіршіндеріміздің осы ойын орталығына кіріп, ойнау ақысы 1-3 аралығындағы бүлдіршіндерге 700 теңге, 3-12 жас аралығындағы балаларға 1000 теңге. Ойнау уақытына шек жоқ. Асылай жаңа жылдан кейін «Бизнес бастау» арқылы оқып, кәсіпкерлік шеберлігін шыңдауды көздейді. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, жеңілдетілген несие алып, кәсібін кеңейтсем, - дейді. Біз Асылаймен арнайы тілдесу бары-

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Өздеріңізге мәлім 2019 жылы жарыққа шыққан «Ойыл. История в архивных документах» кітабының екінші бөлімі жинақталуда. Бұл бөлімде жобамен 1918 – 1940 жылдарда өңірімізде өткен тарихи оқиғалар, есімі елде қалған тұлғалар орын алады.

Ата бабаңызға, әулетіңізге қатысы бар құжаттарды, архивтік деректерді, фотосуреттерді ұсынуға шақырамыз.

Тарихымызды бірге жинақтайық!
Нұрлан Жұмағалиев тел.ватсап +77017733858
Олег Ярошенко тел. ватсап +79057517531

ІНЖУ ТОЙ ИЕЛЕРІНІҢ ҮЛГІСІ

«Отан - отбасынан басталады» - дейді. Отбасын шағын мемлекет деп бағаласақ, тәуелсіздік алған жылы шаңырақ көтерген жастар биыл Інжу тойын тойлап жатыр. Биыл егемендігімізге 30 жыл толып, тәуелсіз елімізбен бірге жасасып келе жатқан ауданымыздағы үлгілі отбасылардың бірі - Нұрлановтар отбасына отау құрғандарына 30 жыл толып отыр.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Ақтөбе қаласында «Анаға тағзым» рухани-адамгершілік тәрбие беру орталығында «Алтын шаңырақ»

шыққан балалардың да тәрбиесі жақсы,берік болады» - деп санайды Қуандық Нұртанов пен Манат Нұртанова.

Қазіргі таңда Қуандық мырза өрт сөндіру бөлімшесінен зейнеткерлікке шығып, аудандық орталық аурухана-сында қауіпсіздік инженері болса, Манат дәрігер-фтизиатр болып жұмыс жасайды. Еңбек еткен өтілі де 30 жыл. Айрандай ұйып отырған отбасы қазіргі таңда бір үл мен үш қыз тәрбиелеп, төрт жиен сүйіп отыр.

«Біздің тұңғыш перзентіміз Меруерт 1992 жылы дүниеге келді.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30
ЖЫЛ



атты отбасылар кездесуі өтті. Шараға 1991 жылы шаңырақ құрған отбасылар қатысты. 30 жылдан бері өмірдің ащы-тұщысын қатір көріп келе жатқан отбасының пайым-парасаты кімкімге болмасын ой салса, отбасы құндылығы мен ақ некенің қасиетін қадір тұтып, бірінші орынға қоюы жастарға үлгі боларлықтай.

«Отбасындағы басты құндылық - ең бірінші үлкен сыйластық болу керек, сол адамның пікірін сыйлай білу керексің. Бір-біріне шынайы, адамгершілік қасиеттері жоғары болу керек. Осындай қасиеттерді балаларға тәлім-тәрбие ретінде көрсетесің, Отбасы - мемлекеттің бір іргетасы. Отбасында ұйымшылдықтың болуы, отбасының берік болуы екі адамға байланысты. Ерлі-зайыптылар тату болса, мейірімділік пен сүйіспеншілік қасиеті жоғары болатын болса, сол отбасынан

Мектепті алтын белгімен бітіріп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсті. Ойыл өңіріне өзіміз жақсы сыйласатын, танитын отбасының баласына тұрмысқа шығып, қазіргі кезде үш қыз тәрбиелеп отыр.

Екінші қызымыз Арайлым мектепті үздік аяқтап, Орал қаласындағы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлықтехникалық университетіне оқуға түсті. Ойыл өңіріне өзіміз жақсы сыйласатын, танитын отбасының баласына тұрмысқа шығып, қазіргі кезде үш қыз тәрбиелеп отыр.

«1991 жылғы қыркүйек айында отау

құрдық. Шаңырақ құрған соң аудандық ауруханаға орналастым. Қуандық Ойыл ауданында бітірген мамандығы бойынша инженер-гидрометеоролог болып жұмыс жасады. Қуандық та, мен де көп-балалы отбасында тәрбие-ленді. Өзім Мұғалжар ауданында дүниеге келдім.

Бізде отбасы тәрбиесі үлкеннен басталады. Енемнен 18 жыл бірее тұрдым. «Қарты бар үй қазына» - дейді. Ол кісіден көп нәрсені үйрендім. Үйде қарттарымыз болса, тәртіп те болады, үйдің тірліктеріне үйретеді. Қазір осы жасқа келгенде енемнің айтқан өсиеттерін түсініп, тәрбиелік маңызы болған екен деп өсім аламын», - дейді осыдан 30 жыл бұрын Ойылға келін болып келген Манат апамыз.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

«АЗАМАТТЫҚ БАҚЫЛАУ – ТҮБІРТЕКТІ ТАЛАП ЕТ» АКЦИЯСЫ

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында «Азаматтық бақылау – түбіртекті талап ет» акциясының қайта басталғаны туралы хабарлайды. БКМ фискалдық түбіртегіңберілмегені туралы немесе төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту туралы хабарлаған тұлғаларға сыйақы төленетін болады. Мемлекет басшысының өзін – өзі реттеу, қоғамдық бақылау құралдарын мораторий кезеңінде жандандыру туралы тапсырмаларына сәйкес, 2021 жылғы 20 қазаннан бастап БКМ фискалдық

чектерін бермеу немесе Төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту фактілерін анықтау бойынша «Азаматтық бақылау- түбіртекті талап ет» акциясы қайта басталды. »Азаматтық бақылау- түбіртекті талап ет» акциясына кез келген ниет білдіруші қатыса алады. Барлық жіберілген өтініштерді Мемлекеттік кірістер органдары қарайтын болады. Фискалдық чекті бермеу немесе төлем карталары бойынша төлемді қабылдаудан бас тарту фактілері туралы App Store және Play Market-тен «WIPON CASHBACK» тегін мобильді қосымшасын жүктеу арқылы хабар-

лауға және фискалдық түбіртекті бермеу фактісі расталған жағдайда телефон теңгеріміне сыйақы (жеке табыс салығы шегеріле отырып 1000 теңге) алуға болады. Кәсіпкер туралы мәліметтерді сөйкестендіру үшін сатып алушы кәсіпкердің кассалық аймағында орналасқан QR-кодтан алынған ақпаратты есептей алады.

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы барлық азаматтарды өз азаматтық ұстанымын білдіруге, заңды бузуға нөлдік төзімділік танытуға және «Азаматтық бақылау – түбіртекті талап ет» акциясына белсенді қатысуға шақырады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЖЕКЕ КҮӘЛІКСІЗ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

БЖЗҚ өзсалымшылары мен алушылары үшін қолайлы жағдайларды көптеп ұсынуда. Қазір зейнетақы қызметтерін жеке куәліксіз де алуға болады. Ол үшін смартфонңыздағы eGovMobile қосымшасында оның цифрлық (электрондық) нұсқасы болса жеткілікті.

Мұндай мүмкіндік тек **Қазақстан Республикасының азаматтарына және БЖЗҚ кеңсесіне тікелей өздері келгенде** ғана беріледі.

Бұл ретте қандай қызметтерді алуға болады:

- жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу;
- қосымша деректемелерге өзгерістер жөне/немесе толықтырулар енгізу;
- зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау).

Мысалы, өзімен бірге жеке куәлігінің түпнұсқасы жоқ салымшы (алушы) БЖЗҚ кеңсесіне келіп, Қор маманына eGovMobile мобильді қосымшасындағы Жеке кабинетте қалыптастырылатын бірегей цифрлық кодты хабарлап, БЖЗҚ қызметкеріне осы құжатты электрондық форматта қарауға рұқсат бере алады.

Ескере кететін жөйт, егер жүгінген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты жарамсыз болса, онда eGovMobile мобильді қосымшасында құжаттың электрондық нұсқасы болмайды.

Кейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер бекітілген соң салымшылар (алушылар) зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы/зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару туралы/инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау (өзгерту) туралы өтініштер берген кезде цифрлық құжаттарды пайдалану мүмкіндігі пайда болады.

Осылайша БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға ыңғайлы болу және олардың уақыттарын үнемдеу үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыруда.

БЖЗҚ-ДАҒЫ БАРЛЫҚ ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТТАРЫ ЕНДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АШЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылдың 12 қазанында ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың келеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойды, оның шеңберінде тиісті өзгерістер ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы»Заңына да енгізілді.

Осы өзгерістерге сәйкес 2021 жылдың 26 қазанынан бастап **БЖЗҚ-да міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есепке алынатын жеке зейнетақы шоттары (ЖЗШ) алғашқы жарна келіп түскен кезде автоматты түрде ашылатын болады.**

БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелері зейнетақы жарналарының басқа түрлері бойынша ЖЗШ ашу тәртібі бойынша ЖЗШ ашу тәртібі мендігімен сәйкес етеді:

- 2019 жылғы 8 қантардан бастап міндетті зейнетақы жарналарына қатысты;
- 2021 жылғы 1 мамырдан бастап ерікті зейнетақы жарналарына қатысты.

Пайдасына МКЗЖ аударылатын жеке тұлғаны сөйкестендіру МКЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматнда көрсетілген оның дербес деректері (аты-жөні, ЖСН, туған күні) бойынша жүзеге асырылады, ал жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері, өзге де деректері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

Жұмыс беруші МКЗЖ агенті (теле-үзді)болып есептеледі, ол Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қызметтердің зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабыл-

данатын ай сайынғы табысының 5 пайызы мөлшерінде жұмыскердің пайдасына өз қаражаты есебінен жарналар аударуға міндетті.

Естеріңізге сала кетейік, МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарын алуға зиянды және қауіпті қызмет салаларында еңбек ететін азаматтар құқылы. Мұндай кәсіптердің тізбесі «Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары өз қаражаты есебінен пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын өндірістердің, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1562 қаулысымен бекітілген. МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ны автоматты түрде ашу жөніндегі заңнамалық өзгерістер агенттерге МКЗЖ аудару бойынша міндеттемелерді орындауды айтарлықтай жеңілдетеді. Енді БЖЗҚ-ға 10-нан астам атауы бар белгілі бір құжаттар тізбесін ұсына отырып, МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ ашу туралы өтінішті қызметкермен бірлесіп рәсімдеудің қажеті жоқ.

Анықтама: міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары табыс төленген айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді. Арнаулы салық режимін қолданатын шаруашылық жүргізуші субъектілер бұл жарналарды Қорға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде аударады. МКЗЖ аударылуын салық органдары бақылайды. Егер жұмыс беруші қызметкердің ЖЗШ-на МКЗЖ-ны уақытылы аудармаса (нақты төлем жасалып, қызметкер кіріс алған жағдайда), жұмыс берушіден салық органдары мерзімі өткен ербір күнге уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген есімдікпен МКЗЖ өндіріп алып, БЖЗҚ-ға аударады.

Ойыл аудандық білім бөлімі, аудандық кәсіподақ ұйымы Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінде көп жылдар бойы басшы болған Сафин Нұрсұлтан Ақдәулетұлының қайтыс болуына байланысты тума-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.
Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің ұжымы Сафин Нұрсұлтан Ақдәулетұлының қайтыс болуына байланысты тума-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.
Ж.Жүсіблиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Жұбанш Жұбаевқа қызы Кәусардың қайтыс болуына байланысты ағайын, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Жұбаевтар отбасына, Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Гүлмира Исмағұловаға аяулы қызы Кәусардың қайтыс болуына байланысты ағайын, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.